КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 28 қазан № 3310-24-00-2/1650 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.Қ.Батырбаева
хатшылықта Р.Д.Касымханов отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ВТ» жеке кәсіпкері – Бекзат Болатбекұлы Тұрсын

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Д.Тушабек
жауапкер Б.Б.Тұрсын

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мен «ВТ» жеке кәсіпкері – Бекзат Болатбекұлы Тұрсын (бұдан әрі – Жеке кәсіпкер) араларында мемлекеттік сатып алу туралы № 07-01-07-46 шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шарттың 1.1-тармағына сай, Жеке кәсіпкер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарларды жеткізуге міндеттенеді, ал Кәсіпорын орындалған жұмысты қабылдауға және Жеке кәсіпкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 2.1-тармағына сәйкес, оның жалпы сомасы 510 000 теңге деп келісілген.

Шарттың № 1 қосымшасына сай, Жеке кәсіпкер "Ұлттық құрама командалардың тізімі" жазғы олимпиадалық спорт түрлері және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жүз дана буклеттері 2024 жылдың ішінде жеткізуге тиіс.

2024 жылғы 01 шілдеде Кәсіпорын Жеке кәсіпкерге жазбаша түрде он бес күнтізбелік күн аралығында 100 дана буклеттерді жеткізуді сұрады.

Демек, Жеке кәсіпкер буклеттерді 2024 жылғы 16 шілдеге дейін жеткізуге тиіс болған.

2024 жылғы 22 қазанда тараптардың араларында жасалған шарт бір жақты бұзылған.

Кәсіпорын сотқа жүгініп, талабында жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, жолданған хабарламалар мен телефон арқылы байланыстар нәтиже бермегенін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жеке кәсіпкерден талап қоюға жазбаша пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі А.Д.Тушабек талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Қазіргі таңда Шарт бойынша тауарларды Кәсіпорын қажет етпейтінін көрсетті.

Сот отырысында жауапкер – Жеке кәсіпкер талап қоюды толық көлемде мойындап, Шарт бойынша тауарларды принтерлердің жұмыстан шығуына байланысты жеткізбегенін жоққа шығарған жоқ.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, Жеке кәсіпкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамаған, оны тараптар дауламай, жоққа шығарған жоқ.

Нәтижесінде 2024 жылғы 22 қазанда Шарт бір жақты бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Батырбаева Ж. К., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Батырбаева Ж. К., 04.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және Қазақстан Распубликасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сотта Жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындамаудағы кінәсін жоққа шығармады, соның салдарынан Кәсіпорынның қызметкерлері жазғы олимпиадалық спорт түрлері және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша қажетті болған буклеттері өз күштерімен жасаған, яғни жауапкердің әрекеттерімен Мекемеге теріс салдар келтірілген.

Мекеме заңмен көзделген отыз күнтізбелік күн ішінде сотқа жүгінген.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Істің мұндай жағдайында, сот жауапкердің жеке кәсіпкер бола тұра, мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты тәуекелдерді көтеруге тиіс екенін, Шарт бойынша міндеттемелердің орындамауын, әрекеттерімен Кәсіәпорынға теріс әсерін тигізгенін ескеріп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ВТ» жеке кәсіпкері – Бекзат Болатбекұлы Тұрсын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Батырбаева Ж. К., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Батырбаева Ж. К., 04.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «ВТ» жеке кәсіпкері – Бекзат Болатбекұлы Тұрсыннан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде келтіруге құқылы.

Судья Ж. Батырбаева

Құжатқа қол қойылған: Батырбаева Ж. К., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Батырбаева Ж. К., 04.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»